Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 5 наурыз Іс №7527-26-00-2/2679 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.А.Акетаев
сот отырысының хатшысы А.С.Сләмбекованың қатысуымен ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойыша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан ары – Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» МКК)

ЖАУАПКЕР:
«SAQ Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПТЫҢ МӘНІ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2.жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 883 310 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ж.С.Кабдоллина
жауапкердің өкілі О.В.Котельников
Аудармашы С.С.Сыдык

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 5 тамызда Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» МКК мен «SAQ Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында № 664 «көлік құралдарын сатып алу туралы» (бұдан ары - тауар) шарт (бұдан ары – шарт) жасалынған.

Шарт мәніне сәйкес, жауапкер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал талап қоюшы осы

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д.А. 12.03.2026
7527-26-3-6/150

Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша жауапкер өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарт бойынша жауапкер, талап қоюшыға жалпы сомасы 125 554 000 теңге құрайтын тауарды 2025 жылғы 28 қазанына дейін жеткізуге міндеттеме алған.

Алайда, жауапкер өзіне алған міндеттемелерді уақытында орындамаған, тауарды жеткізбеген.

2025 жылдың 13 қарашасында жауапкер өзіне қабылданған міндеттемелерін орындамауына байланысты, шарт талап қоюшының бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (ары қарай – АК) 272-бабына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабына сілтеме жасап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танып және жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 883 310 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қою арызда және талап қою талаптарының мөлшерін көбейту туралы өтінішхат негіздерімен талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі тапсырыс беруші өтініш беру мерзімін бұзған және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаптың мәні бөлігінде қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Қалған бөлігінде арызды дауламады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша.

Заңның 8 бабы 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, 2025 жылы 5 тамызда, тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, шарт бойынша жауапкер, талап қоюшыға жалпы сомасы 125 554 000 теңге құрайтын тауарды 2025 жылғы 28 қазанына дейін жеткізуге міндеттеме алған.

Жауапкер, шартта белгіленген мерзімде тауарды жеткізбеген.

Сол себепті талап қоюшы талап қою арызбен сотқа жүгінген.

АПК-нің 72-бабына қайшы, жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін уақытылы орындағаны туралы дәлелдемелер келтірмеді.

Бұл факт бойынша жауапкердің өкілі дауламады, бірақ қазіргі таңда арнайы техникалар (көліктер) жеткізілгенін ескеріп, оларды талап қоюшыға тапсыруға дайын екенін түсіндірді.

Талап қоюшының өкілі қазіргі таңда, шарт талап қоюшының бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылғанын көрсетіп, тауарды қабылдай алмайтынын түсіндірді.

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 12.03.2026

Қазақстан Республикасы Жоғарға Сотының №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысының 8 тармағы бойынша, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкер шартта көрсетілген мерзімде талап қоюшыға тауарды (арнай техникалар) жеткізбегенін ескеріп, яғни шартты орындамай, тапсырыс берушіге жағымсыз салдарлар келтіргеніне байланысты, сот талап қоюшының жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды және орынды деп санайды, сол себепті талап қанағаттандыруға жатады.

Жауапкердің, тапсырыс беруші өтініш беру мерзімін өткізіліп алды деген уәждері сот отырысында өзінің орнын таппады, себебі шарт талап қоюшымен 2025 жылдың 13 қарашасында бұзылды, ал талап қою арыз 2025 жылдың 12 желтоқсанында тіркеліп, яғни арыз бір ай ішінде уақытылы жіберілген.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабы бойынша, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3.-тармағы бойынша, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша, 2025 жылдың 28 қазанынан (тауарды жеткізу күні) 2025 жылдың 13 қарашасына (шартты бұзған күн) дейін, тұрақсыздық айыбының сомасы 1 883 310 теңге құрайды.

Сот талап қоюшының есебі дұрыс деп санайды.

Электрондық қол қойылған: Ақетаев Д. А., 12.03.2026

Сонымен қатар, жауапкер 1 883 310 теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын дауламады.

Аталғанның негізінде, талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109-бабы бойынша жауапкерден талап қоюшыны пайдасына 56 499 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу туралы сот шығыны өндіруге жатады.

АПК-нің 117-бабы бойынша жауапкерден мемлекет пайдасына 2 163 теңге мемлкеттік баж өндіргуе жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«SAQ Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SAQ Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 883 310 (бір миллион сегіз жүз сексен үш мың үш жүз он) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 56 499 (елу алты мың төрт жүз тоқсан тоғыз) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«SAQ Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Судья Акетаев Д.А.

Көшірмесі дұрыс

Судья Акетаев Д.А.

Анықтама. Сот шешімі заңды күшіне 18.05.2026 жылы енді

Судья Акетаев Д.А.

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 12.03.2026

27-26-3-6/150

Судья
на
пронумеровано
листах